



1996 жылдың
12 наурызынан
бастап шығып
келеді

Ақтөбе университеті

№ 17 (393)
15 қараша 2016 ж

«Ақтөбе Университеті» Газеті

АРУ им. К.Жұбанова

@argugazeti@mail.ru



новой упор будет сделан на качестве отбора стипендиатов, привлечении наиболее талантливой молодежи и повышении научно-исследовательского потенциала по приоритетным направлениям развития национальной экономики.

Министр образования и науки Е. Сагадиев познакомил с новыми правилами программы и выразил уверенность, что государственные инвестиции, вложенные в каждого стипендиата, будут преумножены и возвращены в виде новых знаний, умений и навыков во благо развития экономики страны и достижения главной цели Стратегии "Казахстан-2050" – вхождения в ТОП-30 наиболее развитых стран мира.

Құттықтаймыз!



7 қарашада Астана қаласында ҚР тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған Қазақстан Халқы Ассамблеясының ғылыми сарапшылар кеңесінің кеңейтілген отырысы өтті. Осы жиында университетіміздің Қазақстан халқы ассамблеясы кафедрасының меңгерушісі Нұрбек Нұрғалиев және Қазақстан халқы ассамблеясы кафедрасы меңгерушісінің орынбасары Дмитрий Мацюк арнайы дипломдармен марапатталды. Олар ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірліктің қазақстандық моделіне арналып өткізілген ең үздік ғылыми жобасы бойынша Қазақстан халқы Ассамблеясының республикалық байқауында I орынға ие болған болатын. Оқытушыларымызды жеңісімен құттықтаймыз!

BARCEF-2016

В ОКТЯБРЕ 2016 ГОДА АКТЮБИНСКИЙ РЕГИОНАЛЬНЫЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ К. ЖУБАНОВА ПРИНЯЛ УЧАСТИЕ В ЕЖЕГОДНОЙ МЕЖДУНАРОДНОЙ КОНФЕРЕНЦИИ И ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ВЫСТАВКЕ «БОЛАШАК» BARCEF – 2016 (BOLASHAK ALUMNI REUNION CONFERENCE AND EDUCATION FAIR-2016), КОТОРАЯ СОСТОЯЛАСЬ В СТОЛИЦЕ РЕСПУБЛИКИ.

В работе конференции приняли участие Госсекретарь Г.Абдыкаликова, Министр образования и науки Е. Сагадиев, депутаты Парламента, руководители центральных государственных органов, отечественные и международные эксперты, представители казахстанских и зарубежных вузов – партнеров программы "Болашак".

Главная тема - актуальные проблемы развития образования. Выпускники программы «Болашак» имеют новый импульс к международному сотрудничеству и улучшению жизни села.

Ежегодную Международную конференцию программы "Болашак" открыла Гульшара Абдыкаликова. В своей приветственной речи Государственный секретарь подчеркнула, что за время существования инициированной Президентом Казахстана программы "Болашак" подготовлено свыше 8 тысяч высококлассных специалистов.

Г.Абдыкаликова отметила, что президентская стипендия "Болашак" развивается в контексте пяти институциональных реформ, Плана нации, государственной программы "Нұрлы жол". Государственный секретарь акцентировала внимание на необходимость повышения качества человеческого капитала страны в условиях конкурентной борьбы за высококвалифицированные кадры. По словам Г.Абдыкаликовой, ос-



В ходе BARCEF-2016 ведущие вузы мира имели возможность презентовать передовые модели и программы обучения, а также провести масштабную рекрутинговую кампанию среди казахстанских школьников и студентов. АРУ им. К. Жубанова представил отдел международного сотрудничества. Наш университет выступил как один из ведущих вузов Западного Казахстана. Информация об учебном заведении была представлена на широкоформатном баннере, в журнале и бюллетенях на английском языке.

Всего в конференции приняло участие более 20 международных экспертов из Великобритании, США, Турции, Китая, Латвии и др. стран, свыше 20 казахстанских и 40 зарубежных вузов-партнеров «Болашак».

В настоящее время по итогам командировки отдел международного сотрудничества ведет переговоры с вузами Великобритании, США и Латвии о международном сотрудничестве в сфере образования и науки, и надеется на плодотворное сотрудничество

А.АГИСБАЕВА

БҮГІНГІ НӨМІРДЕ:

УНИВЕРСИТЕТ МАҚТАНЫШТАРЫ



2 бет

ТАРИХШЫЛАР 1916 ЖЫЛҒЫ ҰЛТ - АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСТЫҢ 100 ЖЫЛДЫҒЫН АТАП ӨТТІ



4 бет

АКАДЕМИЧЕСКАЯ МОБИЛЬНОСТЬ НА КАФЕДРЕ «ДИЗАЙН»



5 бет

XII ҰЛТТЫҚ ДЕЛЬФИЙ ОЙЫНДАРЫ

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай 1-5 қараша күндері Степногорск қаласында XII ұлттық Дельфий ойындары өтті. Бұл байқаудың мақсаты Тәуелсіз мемлекеттер достастығына мүше елдер арасында халықтардың мәдени мұраларын сақтай отырып, жастар арасындағы достықты және мәдениетаралық байланысты нығайту болып табылады. Талай жас таланттарды бір арнаға тоғыстырған Дельфий ойындарынан университетіміздің өнерлі ереңдері де шет қалмады.

Байқау 17 номинация бойынша өтті. Театр саласы бойынша республикамыздың облыстарынан 17 команда қатысқан. Олардың 9-ы кәсіпқой театрлар. Солардың арасынан университетімізден қатысқан «Тұмар» театры басымдығын танытып, дипломант атанды. Сонымен қатар бұл байқауда педагогика институтының 3 курс студенті Әділхан Убайдоллаев пен шетел тілдері факультетінің 2 курс студенті Ақтілек Есенжолова «Эстрадалық өн айту» номинациясы бойынша бақтарын сынады. Нәтижесінде қаншама күміс кемеі жас өңшілердің арасынан Ақтілек жүлделі үшінші орынды иеленсе, Әділхан дипломант атанып оралды.

- Мен бақ сынаған аталым екі айналымнан тұрды. Додада Республикамыздың өр аймағынан 22 үміткер бақ сынадық. Әрқайсысы езі алдына бір жүйрік. Алғашқы кезеңде мен "Қазақстаным алға" және "Relling in the deer" өндерін шырқадым. Бір сағатқа жуық қазылар алқасының сараптамасы нәтижесінде екінші айналымға жеті сайыскер жолдама алдық. Бұл жолғы талап нәгізінде қазақ композиторы Ш. Қалдаяқовтың "Өмір езең" өні мен шетелдің танымал "Hurt" елеңін орындадым, - дейді Ақтілек.

Бүгінгі таңда Дельфийлік ойындар есіп келе жатқан ұрпақ тәрбиесінде маңызы зор шара. Жас таланттарымызды жүлдесімен шын жүректен құттықтай отырып, алдағы уақытта да шығармашылық табыс, нәтижелі еңбек тілейміз!

Гүлдана ӘБДЕН,
қазақ тілі мен әдебиеті
мамандығының студенті



ЕРЕКШЕ ШАРА «БАУЫРСАҚ PARTY»

Қ.Жұбанов атындағы Ақтебе өңірлік мемлекеттік университеті техникалық факультетінің белсенді студенттерінің ұйымдастыруымен ұлтымыздың байлығы ұлттық құндылығымыз бен ана тілімізді насихаттау мақсатында, сонымен қатар, Тәуелсіздігіміздің 25 жылдығына орай кезекті «Бауырсақ party» акциясы өткізілді. Іс-шараға техникалық факультет пен филология факультетінің студенттері белсене атсалысты.

«Бауырсақ party» ұйымдастырудағы басты мақсат патриоттық тәрбие беріп, ескелең ұрпақ алдында мемлекеттік тілдің қадір-қасиетін арттыру, жастардың қоғамдық-азаматтық белсенділігін көтеру болып табылады. Бауырсаққа қол жеткізу үшін жастар ана тілінде мақал-мәтел жаңылтпаш айтудан жарысты. Бауырсаққа ие болған студенттер қуанышын жасыра алмады. Техникалық факультет ұйымдастырған ерекше шара жиналғандар көңілінен шықты. Сондай-ақ, акция барысында әсем өн айтылып, өнерпаз жастар ұлттық биіміз «Қара жорғаға» биледі.

Шырайлым ҚҰДАСОВА,
қазақ филологиясы мамандығының
2 курс студенті

УНИВЕРСИТЕТ МАҚТАНЫШТАРЫ

Қ.Жұбанов атындағы Ақтебе өңірлік мемлекеттік университетінің жаратылыстану факультетінің студенттері Арман Қибатов, Динара Абдрашева және Аслан Қибашовтар ХХХ ашық республикалық ғылыми-практикалық конференциясынан жеңіспен оралып, Варшава қаласында өтетін халықаралық ғылыми конференцияға жолдама алды. Атап өтер болсақ, Арман Қибатов олимпиада үздігі атанса, Динара Абдрашева екінші орынды, Аслан Қибашов үшінші орынды иеленді.

- 2 қараша күні Астана қаласында «ЭКСПО-ға жасөспірімдер көзқарасы» атты ғылыми-практикалық конференция өтті. Бұл конференцияға оқушылар, студенттер және бес жыл тәжірибесі бар ұстаздар қатысты. Республикамыздың 9 облысынан келген 160 жас ізденушілер гуманитарлық және ғылыми практикалық бағыттары бойынша бақсынасты. Біздің университетімізден үшеуіміз бардық. Енді мақсатымыз Варшавада өтетін конференциядан да абыроймен оралу, - дейді жас зерттеушілер.

Аталмыш конференция нәгізінде университет ректоры К.К.Кенжебаевқа арнайы кубок және жаратылыстану факультетінің деканы З.Б.Сұлтамұратоваға Аяғыс хат тарту етілді.

Университет абыройын асқақтата білген студенттерімізді шын жүректен құттықтаймыз. 24 қараша күні Варшавада өтетін ғылыми конференцияда жүлделі орын алуларына тілектестік білдіріп, сәттілік тілейміз.

Ақжүніс НҰРПЕЙІСОВА,
филология факультетінің
2 курс студенті



БАР ҚАМҚОРЛЫҚ - БАЛАЛАРҒА

«Жетім көрсен, жебей жүр» дейді қазақ даналығы. Көңілінде көлеңкесі бар жандарға, оның ішінде балаларға кішкене болса қуаныш сыйлап, қамқорлық көрсету баршамызға парыз. 5 қараша күні «Балаларға базарлық» акциясының аясында университетіміздің физика-математика факультетінің белсенді студенттері оқытушылары Гүлмира Шаңғытбаева, Ақзада Дурегеева, студенттермен және жастар ұйымдарымен жұмыс бөлімінің маманы Сәннүр Темірханқызының жетекшілігімен Алға балалар үйіне барып қайтты.



Студенттерді қарсы алған балалар үйінің директоры Кенжеғазы Жанабайұлы алдымен балалар үйінің тыныс-тіршілігімен таныстырып өтті. Балалардың жетістігіне арналған белек белмеде, әрбір баланың марапаты, жеткен жетістігі, қолдарынан шыққан дүниелері орны-орнымен қойылыпты. Тіпті келген әрбір демеушінің суреттері, жастардың үйлену тойынан суреттер, атқарылған түрлі жұмыстар да естелік ретінде сақталып тұр. Одан кейін Кенжеғазы Жанабайұлы балалардың демалыс, жатын бөлмелерін көрсетіп, бітірген түлектермен әрдайым хабарласып, жағдайын біліп тұратындығын тілге тиек етті.

Біз барған кезде балалар «Екі жұлдыз» байқауын өткізіп жатыр екен. Төрт жыл қатарынан өткізіліп келе жатқан бұл байқау биыл да жалғасын тауыпты. Сайыста тәрбиешілерімен бірге өн шырқаған ерөндер таланттарымен тамсандырып, «Отбасым» тақырыбында өн шырқап, жиналғандардың көңіліне мұң ұялатты. Дегенмен, олардың ұжым ретіндегі махаббаты, бір-біріне деген шынайы қарым-қатынастары жүрегімізді жылытты.

Факультет ұжымы мен студенттерінен жиналған қаржыға байқау қатысушыларына түрлі сыйлықтар мен тәттілер таратылып, балалар үйі қорына ақшалай сыйлық тарту етілді.

Ақниет ТҰРСЫНБЕК,
физика-математика факультетінің
2 курс студенті



Дана халқымыз: «Қыз ессе – елдің көркі, гүл ессе – жердің көркі» деп қыз баланың тәртібі мен тәлім тәрбиесін жоғары бағалап, қыздарды адамгершілікке, ізгілікке, әдептілікке, ар-ұяттылыққа, мәдениеттілікке, тәртіптілікке, еңбекшілдікке, сұлулыққа, сымбаттылыққа баулып отырған.

ҚЫЗҒА ҚЫРЫҚ ҮЙДЕН ТЫЙЫМ

Жақында университетімізде Ақтебе облыстық тарихи-елкетану музейінің қыз балаларға арналған «Шолпы» клубының жетекшісі Алмагүл Сарыбай мен университеттің аға кураторы Алия Базарғалиеваның ұйымдастыруымен «Отбасындағы қыз бала тәрбиесі» тақырыбында тарихи-танымдық шара өтті. Шараға жаратылыстану факультеті мен педагогика институтының студенттермен және жастар ұйымдарымен жұмыс белімінің мамандары, «Қыз парасаты» клубына жауапты кураторлар және студенттер қатысты.

«Шолпы» клубы мүшелері А.Сарыбай, С.Қайдасов, З.Н.Өмірбаева, Б.Қ.Қапмағамбетов және Н.Ғ.Сағғазы

шараға қатысқан студенттерге шолпы сыры, қазақ қызының бойына тән лайықты қасиеттер, қазақ отбасындағы қыз баланың тәрбиесі, қазір кейбір қыздардың арасында кездесетін қазақ дәстүріне жат қылықтар, отбасындағы түспалдап тәрбиелеу сыры туралы баяндай отырып, езара пікір алмасты. Университеттеп «Қыз парасаты» клубының негізін салған ардагер ұстаз, университет профессоры Жәния Нұржанқызы қазақ қыздарына ұлттық рұхани тәрбие берудің жолдары мен әдістері және жоспарлы түрде жұмыс жасалып жатқандығы жайлы пікірін ортаға салды.

ЖАРЕН

БАБАҒА АРМАН, ҰРПАҚҚА ҰРАН

8 ҚАРАША КҮНІ Қ ЖҰБАНОВ АТЫНДАҒЫ АҚТӨБЕ Өңірлік мемлекеттік университетінің БАС ҒИМАРАТЫНЫҢ МӘЖІЛІС ЗАЛЫНДА ҚР ТӘУЕЛСІЗДІГІНІҢ 25 ЖЫЛДЫҒЫНА ОРАЙ, ТЕХНИКАЛЫҚ ФАКУЛЬТЕТТІҢ СТУДЕНТТІК ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУ ҰЙЫМЫ МЕН УНИВЕРСИТЕТ ЖАНЫНДАҒЫ «ЖАС ОТАН» ЖАСТАР ҚАНАТЫНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН «БАБАҒА АРМАН, ҰРПАҚҚА ҰРАН БОЛҒАН – ТӘУЕЛСІЗДІК!» АТТЫ ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ ӨТТІ.



Жастарға үлгі көрсету, оларды патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, еткен қазіргі және болашақтағы тарихи кезеңге деген мақтаныш сезімін қалыптастыру мақсатында ұйымдастырылған дөңгелек үстел жоғары деңгейде өткізілді.

Аталмыш шараға техникалық факультеттің деканы А.Ж.Мырзағалиев, техникалық факультеттің тәрбие жұмыстары жөнінде декан орынбасары Т.С. Ибраимов, «Автокөлік және жол қозғалысын ұйымдастыру» кафедрасының доценті Н.С. Сауғанов, филология факультетінің деканы С.С. Мұхтаров, тәрбие жұмысы және жастар саясаты басқармасының басшысы А.А. Қаратаев, студенттермен және жастар ұйымдарымен жұмыс белімінің маманы Д.Базарбаева мен факультеттің белсенді 60 студенті қатысты.

Дөңгелек үстел барысында жиналғандар тәуелсіздіктің құндылықтары, ел тарихы, қазіргі уақыттағы Қазақстан жайындағы ойларын ортаға салып, езара пікір алмасты.

www.arsu.kz

ЖАС ҒАЛЫМДАР МЕН СТУДЕНТТЕРДІҢ ҚАТЫСУЫМЕН ОНЛАЙН СЕМИНАР ӨТТІ

Қ ЖҰБАНОВ АТЫНДАҒЫ АҚТӨБЕ Өңірлік мемлекеттік университетінің ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ҚОЛДАНБАЛЫ ТІЛ БІЛІМІ КАФЕДРАСЫНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН «ЖАС ҒАЛЫМДАР МЕН СТУДЕНТТЕРДІҢ ҒЫЛЫМИ ЖҰМЫСТАРЫН ТИІМДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ» ТАҚЫРЫБЫНДА ОНЛАЙН СЕМИНАР ӨТТІ. СЕМИНАРДЫҢ МАКСАТЫ – ЖАС ҒАЛЫМДАР МЕН СТУДЕНТТЕРДІ ҒЫЛЫМҒА БАУЛУ. ҒЫЛЫМИ АКПАРАТ АЛМАСУ.

Аталмыш семинарға университетіміздің барлық факультеттері мен институттары, облыстық тілдерді дамыту басқармасы ономастика белімінің бас маманы Ұ.Ж. Надірбаева қатысты.

Семинарда филология ғылымдарының кандидаты А.Ә.Иманғазина «Ақтебе қаласындағы менсонимдердің тілдік табиғаты» тақырыбында, «Фольклор тілі» проблемалық тобының мүшелері Л. Аққазы, Д. Мұқас, Д. Жоламановалар ««Бақыт» макроконцептісінің мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестерде берілуі» атты баяндамаларын жасады. Сондай-ақ, онлайн семинарға студенттерде белсенді атсалысты. Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының 4 курс студенті А.Қ.Орынбай гуманитарлық ғылымдардың табиғаты және қазіргі ғылымның мақсат-мүраты жайындағы ғылыми зерттеуін көпшілік назарына ұсынса, «филология: казак филологиясы» мамандығының 2 курс студенті Е. Әжбенев қазіргі күннің

езекті тақырыбы жарнама тілі мәселелеріне тоқталды. Филология мамандығының 2 курс магистранты Ғ.Түржанова жасаған «М.Мағауиннің «Құыршақ» әңгімесіндеп демонологиялық сарын» тақырыбындағы баяндамасы ете мазмұнды шықты.

Семинар барысында филология ғылымдарының кандидаты Э.Т. Идрисова, доктор PhD А.Т. Шетиева «Конференция және жобаларда, ғылыми байқауларда жас ғалымдарды қатыстыру тәжірибесінен» тақырыбында шеберлік сабағын керсетті.

Шара соңында онлайн семинарға қатысушыларға және ерекше белсенділік танытқан жаратылыстану факультетінің студенттеріне филология ғылымдарының докторы, профессор Б.Т.Бораш пен филология ғылымдарының кандидаты, доцент Б.Ш. Баймұханов алғыстарын білдірді.

www.arsu.kz

Күзгі сайыс

УНИВЕРСИТЕТІМІЗДІҢ №1 СТУДЕНТТЕР
ЖАТАҚХАНАСЫНДА СТУДЕНТТІК КЕҢЕСТІҢ
ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН «КҮЗГІ БАЛЛ» МЕРЕКЕЛІК ШАРАСЫ
ӨТТІ.

Шара сайыс түрінде ұйымдастырылды. Сайысқа қатысушылар алдымен сәлемдесе білу шеберлігін сынға салса, одан кейін әртістік қабілеттерін барынша танытуға тырысты. Карвинг, ситуациялық сұрақтар, ер еңерлерін көрсету түрлерінде да олар аянып қалмады. Сайыскерлерге тәрбие жұмысы және жастар саясатының басшысы Әлібек Қаратаев, №1 студенттік жатақхана басшысы Бейбітшілік Қонақбаева, студенттер және жастар ұйымдарымен жұмыс белімінің мамандары Жадыра Баймұқанова, Сәннүр Темірханқызы терелік жасады.

Жатақхана студенттері арасындағы бірлік пен татулықты нығайта түсу, ұйымшылдыққа шақыру мақсатында ұйымдастырылған аталмыш шара жоғары деңгейде өтті. Нәтижесінде бас жүлдені «Алтын жүп» жұбы жеңіп алды. Бірінші орынды «Алтын күз» тобы иеленсе, «Алтын түс» сайыскерлері екінші орынға ие болды. Үшінші орынды «Листопад» жұбы еншісіне байлады.

Сайыскерлердің еңерін тамашалаған студенттер көштен көтеріңкі көңіл күймен тарқасты.

Тұрсынғүл МЫҢЖАСАРОВА,
техникалық факультетінің 2 курс студенті

ҒАСЫР ІНДЕТІ МӘСЕЛЕСІ ТАЛҚЫЛАНДЫ



Жұырда Облыстық ЖИТС алдын алу және оған қарсы күрес жөнінде орталықтың мамандарымен бірлесе отырып, университеттің аға кураторы А.Базарғалиева «ЛИТВ/ЖИТС мәселесі және оның алдын алу»

тақырыбында семинар өткізді. Бұл шара ҚР денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыруға атсалысу мақсатында ұйымдастырылды.

Облыстық ЖИТС орталығы профилактикалық белімінің меңгерушісі А.А.Жайлаубаева, орталықтың педагогы М.К.Матаева семинарға қатысқан педагогика институты, жаратылыстану және тарих факультеттерінің тәрбие ісі жөніндегі қызметкерлері мен кураторларына АИТВ жұқпасының жастар арасында кетпеп кездесуі, оны болдырмау жолдары, алдын алу мәселелері туралы кең мазмұнды арнайы ақпараттар берді. АИТВ/ЖИТС жөнінде студенттермен кураторлық тәрбие жұмыстарын жүргізуге қажетті әдістемелік материалдар ұсынылды.

www.arsu.kz

Биыл еліміздің тәуелсіздік алғанына 25 жыл, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске 100 жыл толып отыр. Осындай тарихи оқиғалар бір жылға тоқайласып келіп отырғандығының өзі осындай дала тарихының мәңгілік сабақтастығының дәлелі.

Ұлттық мемлекетіміз бен аумақтық тұтастығымызды сақтау жолындағы ұлт-азаттық күрестердің тарихта алар орны ерекше. Отандық ғылымның дамуы мен тәуелсіз Қазақстанның өсіп-өркендеуінде, жас ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелеуде ұлт-азаттық күрестер мен оны бастаушы көсемдері мен батырларының ерлік істерінің маңызы арта түсуде.



Тарихшылар 1916 жылғы ұлт - азаттық қозғалыстың 100 жылдығын атап өтті

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің тарих факультетінде 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің 100 жылдығына орай «1916 жылғы ұлт-азаттық: тарихы мен ақиқаты» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырылды.

Дөңгелек үстелге университеттің ғылыми-инновациялық жұмыстар және халықаралық қатынастар жөніндегі проректоры, ф.-м.ғ.к., доцент А.У. Бекбауова, тәрбие жұмысы және әлеуметтік-экономикалық мәселелер жөніндегі проректоры, ф.ғ.к., доцент М.О. Миrows, өлкетанушы, «ҚР профессор, «Ақтөбе облысының құрметті азаматы» З.Б. Байдосов, Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейінің бөлім меңгерушісі А.С. Ертемиров шақырылды.

Сонымен қатар, тарих факультетінің тарихшы-ғалымдары, атап айтар болсақ, профессорлар: Н.А. Абдоллаев, Ұ.Ш. Исмағұлов, Т.С. Жумағанбетов, Р.А. Бекназаров, Ж.О. Орамах, ғылым кандидаттары: Ә.Б. Аман, Н.С. Аликулова т.б. университеттің доценттері мен оқытушылар

құрамы, магистранттар, студенттер қатысты.

Дөңгелек үстелдің модераторы тарих факультетінің деканы, т.ғ.к., доцент С.А. Есқалиев болды. Форумды университеттің тәрбие жұмысы және әлеуметтік-экономикалық мәселелер жөніндегі проректоры, ф.ғ.к., доцент М.О. Миrows ашты.

Дөңгелек үстел барысында 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс тарихы мен тарихи тұлғалардың өмірі мен ерлік істері кеңінен талданды. Өлкетанушы Е.Ж. Құрманбеков Ырғыз көтерілісінің басшыларының бірі - Тайшымыр Орысұлы туралы қызықты, тың мәліметтер айтса, профессор Н.А. Абдоллаев егемен ел тарихындағы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің тарихи маңызын, профессор Ұ.Ш. Исмағұлов 1916 жылғы теориялық-методологиялық негіздемесі төңірегінде, профессор Т.С. Жумағанбетов көтерілістің басты ерекшеліктері, Шыңғыс хан ұрпақтарының

көзқарастары туралы, профессор Р.А. Бекназаров 1916 ж. көтерілісінің зерттеуінің кейбір қазіргі таңда назар аударатын, зерттелуге тиісті мәселелеріне, музей қызметкері А.С. Ертемиров Ырғыз көтерілісінің басқа аймақтардан ерекшеліктеріне тоқталып өтті.

Сонымен қатар, пікірлесу кезінде 1916 жылғы көтеріліс және ұлт зиялыларының ұстанымдары және тыл жұмысына алынған азаматтардың тағдыры, Қытай жеріне бас сауғалап кеткен қазақтардың босқыншылығы мен олардың туған жеріне кері оралу т.б. мәселелері қарастырылды.

Басқосу барысында факультет студенттері мен магистранттар аталған тақырып аясында өздерінің көзқарастарын және толғандырған сұрақтарын қойып, тұщымды жауаптар алды.

Дөңгелек үстелді факультет деканы С.А. Есқалиев

қорытындылап, қатысушылармен біргесе алда атқарылатын істер жайында шешім қабылдады.

Оларды атап өтетін болсақ: - 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің Отандық тарих ғылымындағы өзіндік орнын айқындауда студенттер арасында арнаулы курстар жүргізілсін, - 1916 жылғы көтерілістің Қазақстан мен Орталық Азия тарихындағы рөлі мен алатын орнын егемендік тұрғыдан одан әрі мазмұндальсын,

- студенттер мен магистранттар 1916 жылғы көтерілістің айналымға тартылмаған деректік негізін құрайтын құжаттар мен материалдарды іздеу мен анықтауды жалғастыру арқылы ғылыми жұмыстарға тартылсын, - 1916 жылғы Ақтөбе облысы территориясындағы көтерілістің көсемдері Жұмағазы Жүргенов, Тайшымыр Орысұлы, Айжарқын хан т.б. тұлғалардың өмірі мен қызметін зерттеуге көңіл бөлінсін;

- Ақтөбе облыстық мемлекеттік мұрағаты қорында хатталған және мерзімді баспасөз беттерінде жарық көрген 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс тақырыбындағы құжаттар мен материалдарды жинастыру және оны жариялау қолға алынсын.

Кеш барысында тақырып бойынша арнайы слайдтар, видео-роликтер, құжаттар топтамалары көрсетіліп, кітаптар көрмесі ұйымдастырылды.

Тарихшы студенттер дөңгелек үстел соңында Даулеткерей мен Құрманғазының тарихи тақырыптағы күйлерін орындады.

Бір жарым сағатқа созылған дөңгелек үстел қатысушыларды жалықтырмай, белсенді етті.

Бұл басқосудың магистранттар мен студенттер үшін маңызы зор болды.

Нұрлыгүл АЛИКУЛОВА,
«Тарих және тарихты оқыту әдістемесі» кафедрасының меңгерушісі м.а., тарих ғылымдарының кандидаты

ТӘУЕЛСІЗДІКТІ ДӘРІПТЕГЕН КӨРМЕ

4 ҚАРАШАДА ПЕДАГОГИКА ИНСТИТУТЫНДА ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ТӘУЕЛСІЗДІГІНІҢ 25 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН "25 ЖҰЛДЫЗДЫ ШАРА" ЖОБАСЫ АЯСЫНДА "ҚАЗАҚСТАН – ҰЛЫ ДАЛА ЕЛІ" АТТЫ КӨРМЕ ӨТТІ. ПЕДАГОГИКА ИНСТИТУТЫНЫҢ СТУДЕНТТЕРМЕН ЖӘНЕ ЖАСТАР ҰЙЫМДАРЫМЕН ЖҰМЫС БӨЛІМІ ӨТКІЗГЕН КӨРМЕГЕ АТАЛМЫШ ИНСТИТУТ ШЕБЕРЛЕРІНЕН ӨЗГЕ ФИЛОЛОГИЯ, ЖАРАТЫЛЫСТАНУ, ФИЗИКА-МАТЕМАТИКА ЖӘНЕ ТЕХНИКАЛЫҚ ФАКУЛЬТЕТТІҢ ҚОЛӨНЕРШІЛЕРІ ҚАТЫСТЫ.

Көрмеге қойылған авторлық туындыларында талантты жастар туған жерге, Отанға деген сүйіспеншілігін жеткізе білген. Келушілер сандық, күбі секілді қазақтың ұй жабдықтарын, ұлттық оюмен өрнектелген қоржындарды, алқа, сырға секілді қазақ қыздарының әдемі әшекейлерін, моншақтармен көмкерілген кәжекей мен қос етек көйлегі, ағаштан ойып жасалған домбыра, қобыз секілді ұлттық музыка аспаптарын, Ш.Берсиевтің быості мен Әбілхайыр ханның портретін, түрлі әдістермен салынған көз тартарлық картиналарды тамашалады. Сонымен қатар, көрермендерге ән мен биден шашу шашылды.

Көрме жайында педагогика институты студенттермен және жастар ұйымдарымен жұмыс бөлімінің маманы Жадыра Баймұханова «Көрме жоспар бойынша өткізілді. Бұл – біздің Тәуелсіздіктің 25 жылдығына арнаған тартуымыз. Көрмені ұйымдастырудағы мақсат – жастардың бойына патриоттық сезім ұялатып, отансүйгіштікке



тәрбиелеу және олардың шығармашылығын таныту, қолдау. Шара барысында 50-ге жуық студент өз қолөнер бұйымдарын жұрт назарына ұсынды» дейді.

Көрмеге келушілердің қатары көп болды. Араларында өзіне қажет дүниелерді тауып, авторларына тапсырыс беріп жатқандары да табылды. Солардың бірі университет оқытушысы Мирамғұл Есенғұлова «Бүгін көрмеге келгеніме өте қуаныштымын! Бәрі жоғары деңгейде өтті. Маған фетр матасынан жасалған қазақ стильдегі белбеу қатты ұнады. Енді соны өзіме жасатып алмақшымын. Авторымен сөйлесіп, тапсырыс беріп те қойдым. Алдағы уақытта осындай шаралар жиі өтсе деген тілегім бар» деп көрме туралы өз ойымен бөлісті.

Көрмеге қатысушылардың бірі ретінде мен де ұйымдастырушыларға ризашылығымды білдіремін. Өзімізді танытып, өзгелермен шеберлік алмасатын жақсы мүмкіндік туды.

Ақтоты САҒЫНҒАЗЫ,
филология факультетінің
2 курс студенті

С 10 по 13 октября в Брюсселе ректоры и профессора Кокшетауского университета им. А. Мырзахметова, Актюбинского регионального государственного университета им.К.Жубанова и Южно-Казахстанского педагогического университета примут участие в европейской программе по обмену опытом «Трансфер технологий и коммерциализация знаний: инфраструктура, процесс, факторы успеха», сообщает собственный корреспондент МИА «Казинформ» в Брюсселе.

Организатором программы выступил бельгийский образовательный центр Modern Education & Research Institute.

В первые дни своего пребывания казахстанские делегаты посетят Сент-Луисский университет в Брюсселе и Университет Левена, где европейские коллеги расскажут о методиках трансфера технологий и коммерциализации знаний, познакомят слушателей с результатами своих исследований в сфере высшего образования и продемонстрируют материально-техническое оснащение университетов.

Затем казахстанская делегация примет участие в работе круглого стола «Европейский союз и Казахстан Перспективы сотрудничества в сфере высшего образования» в Генеральном директорате по вопросам образования и культуры Европейской комиссии.

Сотрудники генерального директората

Ректоры и профессора Казахстана обменялись опытом с коллегами из Евросоюза



расскажут участникам о роли Еврокомиссии в европейском образовательном пространстве и стратегии развития высших учебных заведений в Евросоюзе.

«Хотелось бы изучить предлагаемые инновационные методы преподавания на предмет адаптации в Казахстане. Для нашей системы образования обозначенная тема очень актуальна», - отметила профессор Актюбинского регионального государственного университета им.К. Жубанова Айслу Тасимова.

По ее словам, коммерциализация знаний в настоящее время является одной из главных функций высших учебных заведений. При этом необходимо больше внимания уделять привлечению высшего образования к реальному сектору экономики.

«После окончания вуза наши студенты тратят много времени на трудоустройство. В Европе с этим дела обстоят несколько лучше. То есть «продажа» высококлассных специалистов - это главная вещь се-

годня, - говорит профессор.

Она добавила, что трудоустройство молодых выпускников - «это не только забота вуза, но это также и забота региона, где работают предприятия». «Сегодня соединение интересов местной власти и вуза, на мой взгляд, недостаточно обустроено. Мы этот опыт должны изучить в Европе», - резюмировала Айслу Тасимова.

Автор: Тимур ДЮСЕКЕЕВ
БРЮССЕЛЬ.
КАЗИНФОРМ

Академическая мобильность на кафедре «Дизайн»

ДЛЯ ПОВЫШЕНИЯ КАЧЕСТВА ЗНАНИЙ СТУДЕНТОВ ПРИ ПОДДЕРЖКЕ РУКОВОДСТВА АРГУ ИМ. К. ЖУБАНОВА И ОТДЕЛА МЕЖДУНАРОДНОГО СОТРУДНИЧЕСТВА В РАМКАХ ПРОГРАММЫ АКАДЕМИЧЕСКОЙ МОБИЛЬНОСТИ В ПЕРИОД С 17 ПО 29 ОКТЯБРЯ 2016 ГОДА НА КАФЕДРУ «ДИЗАЙН» БЫЛА ПРИГЛАШЕНА ИЗ ОРЕНБУРГА ЧЕПУРОВА ОЛЬГА БОРИСОВНА.

Ольга Борисовна - известный ученый, заведующая кафедрой дизайна Оренбургского государственного университета, кандидат искусствоведения, доцент, почетный работник высшего профессионального образования РФ, член экспертной комиссии по аттестации вузов России. Остепенность ее кафедры по наличию кандидатов искусствоведения занимает третье место в России после Москвы и Санкт - Петербурга.

Основные темы, которые затрагивались на занятиях со студентами, были посвящены основам графического дизайна, его профессиональным задачам и вопросам теории изображения и методов проектирования. Были организованы мастер - классы для студентов по технологии составления «брифа».

Со студентами архитектурного дизайна были организованы лекции по истории ландшафтного дизайна.

С преподавателями был организован международный онлайн - семинар «Особенности практико - ориентированной подготовки дизайнеров в высших учебных заведениях», в котором приняли участие преподаватели АРГУ им. К.Жубанова, а также преподаватели ЗКГУ им. М.Утемисо-



ва (Уральск), Регионального социально - инновационного университета (Шымкент), Оренбургский государственный педагогический университет (Россия, Оренбург).

Ольга Борисовна была организована культурная программа. Она посетила Музей АРГУ им. К.Жубанова, Актюбинский областной мемориальный музей А. Молдагуловой, институт Конфуция при АРГУ им. К.Жубанова, присутствовала на открытии персональной выставки в Актюбинском областном музее художественного и декоративно - прикладного искусства.

Процесс пребывания ученого был продуктивен для преподавателей кафедры. В неформальной обстановке обсуждались проблемные вопросы, намечились перспективы углубления дальнейшего сотрудничества.

Следует отметить, что Ольга Борисовна не первый раз посещает наш университет. В 2008 году она приезжала с показом коллекций выпускных работ студентов по специальности «Дизайн костюма». По словам ученого, она вновь уезжает на Родину под хорошим впечатлением, поскольку совместное сотрудничество было весьма полезным.

КУЗНЕЦОВА Юлия Николаевна,
старший преподаватель
кафедры «Дизайн»

13 и 14 ОКТЯБРЯ СТУДЕНТЫ ИНСТИТУТА ЭКОНОМИКИ И ПРАВА АКТЮБИНСКОГО РЕГИОНАЛЬНОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО УНИВЕРСИТЕТА ИМ.К.ЖУБАНОВА АКТАНОВА ЛАУРА, АРТЫГАЛИЕВ ЕВГЕНИЙ, ИСМАИЛОВ КУАНЫШ, ДЕМЕНОВА НАДЕЖДА И РЕЗНИК АЛЕКСАНДР ПОД НАЗВАНИЕМ КОМАНДЫ «КЛАСТЕР» УЧАСТВОВАЛИ В XV РЕСПУБЛИКАНСКОЙ СТУДЕНЧЕСКОЙ ОЛИМПИАДЕ «КАЗАХСТАН В НОВОЙ ГЛОБАЛЬНОЙ РЕАЛЬНОСТИ: РОСТ, РЕФОРМЫ, РАЗВИТИЕ», КОТОРАЯ ПРОХОДИЛА В СТЕНАХ УНИВЕРСИТЕТА НАРХОЗ. ХОТЕЛОСЬ БЫ ОТМЕТИТЬ О ТОМ, ЧТО КОМАНДА ПРИНЯЛА УЧАСТИЕ КАК ПОБЕДИТЕЛЬ XIV РЕГИОНАЛЬНОЙ ОЛИМПИАДЫ.

Олимпиада проводилась с целью раскрытия творческого потенциала студентов, будущих специалистов в области национальной экономики и управления в различных сферах деятельности, повышения престижа экономических профессий, стимулирования творческой инициативы и научной активности студенческой молодежи. Участвовали 8 команд из разных регионов Казахстана: Алматы, Талдықорған, Кызылорда, Ақтобе, Кокшетау, Караганды. Олимпиада прошла 2 дня и состояла из следующих блоков: креативный и интеллектуальный.

Креативный блок состоял из приветствия команды, блиц-турнира и эссе. В первой части нужно было презентовать город, ВУЗ, команду с общим стилем и СТЭМом (эмблема, девиз, стиль команды). Блиц-турнир, или экономи-

ИТОГИ XV РЕСПУБЛИКАНСКОЙ ОЛИМПИАДЫ ПО ЭКОНОМИКЕ



ческая викторина, содержал вопросы по дисциплинам: экономическая теория, макроэкономика, микроэкономика; финансы; предпринимательство и экономика предприятий; менеджмент и маркетинг; государственное регулирование экономики. Участник команды Артыгалиев Евгений выступил в части эссе (спич) на тему «Антикризисные возможности Казахстана».

Интеллектуальный блок Олимпиады состоял из конкурса капитанов и презентации научного проекта на тему «Пять направлений антикризисных и структур-

ных преобразований». Капитан команды Резник Александр сумел ответить с достоинством на интеллектуальные вопросы и на общие темы.

Практически все команды показали высокий уровень теоретических знаний и практических навыков, творческие способности, находчивость и познавательную активность, глубокие знания в проведении научных и экономических исследований.

По итогам выступления команд 1-место заняла команда Карагандинского экономического университета

Казпотребсоюза, 2-место - команда КазНУ им.аль-Фараби и 3-место – команда Кызылординского государственного университета им. Коркыт ата.

Команда «Кластер» Актюбинского регионального государственного университета им.К.Жубанова отличилась в номинации «Лучший капитан».

ЕСБЕРГЕН Раушан Акимгереевна, к.э.н., ст.преподаватель кафедры «Государственное управление и маркетинг»

«МӘҢГІЛІК ЕЛ ЖАСТАРЫ-ИНДУСТРИЯҒА» - «СЕРПІН-2050» ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБАСЫН ДАМУ ТУРАСЫНДА ЖАСАЛҒАН ЖОСПАРҒА СӘЙКЕС СТУДЕНТ ЖАСТАРДЫҢ БӘСЕКЕГЕ КАБІЛЕТТІ КӘСІБИ БІЛІМ АЛУЛАРЫНА, ҚОҒАМДЫҚ ПАЙДАЛЫ ҚЫЗМЕТ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖӘНЕ ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫН НЫҒАЙТУ МАҚСАТЫНДА ЩУЧИНСК КАЛАСЫ «DISCOVERY-БУРАБАЙ» САУЫҚТЫРУ ЛАГЕРІНДЕ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КӨШБАСШЫЛАРДЫҢ ҚҰРЫЛТАЙЫ ӘТП. РЕСПУБЛИКА БОЙЫНША 10 ОБЛЫСТАН 200-ГЕ ЖУЫҚ САРДАРЛАР МЕН ЖЕТЕКШІЛЕР ЖИНАЛДЫ.

Бұл жиынға біздің университетімізден талдау бөлімінің маманы Алтынай Жолашқызының жетекшілігімен серпіндік студенттердің Бас сардары ретінде мен Мөлдір Жеткізгенова қатысып келдім. Екі күнге созылған басқосуда тренингтер, түрлі жарыс-тармен қатар жиналыстар өткізілді.

Ең бірінші тренингті «Мәңгілік ел жастары-индустрияға» мемлекеттік бағдарламасы Республикалық үйлестіру кеңесінің төрағасы Мұрат Абенов еткізді. Мұрат Абдуламитұлы тренинг барысында серпін көшбасшыларына болашақ жоспарларды айтып, қалай жұмыс жасау керектігін түсіндірумен қатар, бағдарламаның алғашқы жай-күйімен қазіргі қарқынын салыстыра баяндап өтті.

Бұл жиыннан болашаққа деген үлкен сенімділік, жаңа іс бастауға ақыл-кеңес және жігер алдым. Серпін жай ғана жоба емес, ол сөзсіз, Елбасының жоғары бағасын алған мықты жоба.


«Серпін» бағдарламасын адам баласының өсуімен теңестіргім келеді. Ең алғаш бағдарлама пайда болғанда жаңа туган сәбидей болды. Нәресте тек ғана анасын сезеді, өмірге келген адамды, жақынын біледі. Бізде солай Мұрат ағамызды ғана жақын басшы деп білдік. Ол кезде штаб та, сардар да болған жоқ. Солай-солай 6 айлық нәресте болды. Кекем келді, серпін еңбектей бастады. «Аламан» фестивалі өткізіліп, құрылтайы болды. Серпін 1 жасын толықтырып, тәй-тәйлеп жүре бастады. Керегіне қолын созып, сұрай бастады. Үлкен құрылтай өткізіліп, сардарлар сайланды. Штабтар құрылып, ез жұмысын бастады. Серпін өзін басқаларға танытты. Жас бала жетіп, өскендей.



СЕРПІНДІК КӨШБАСШЫЛАР ЖИЫНЫ

Біздің қатарымыз өсті, көбейдік. «Серпін іскерлері» ұйымы құрылды. Аға тархаң, облыстық тархандар сайланды. Әз болашағына жоспарлар құрды. 2 жасын толықтырып, 3 жасқа қадам басты. Тілі анықталып, салмақтанып, ойы қалыптаса бастады. Яғни, Серпін жастары 10 мыңнан асып, оқу орындар кебейді. 3 жасқа толған бала балабақшаға барғандай, Серпін штабы «Болашақ халықаралық бағдарламалар орталығы» құрамына кірді. Жас бала өзінің тәтті қылығымен адамды өзіне қаратып сүйсіндірсе, Серпін жастары ездеріпті іскерлігімен басшылардың назарына ілкігі. Елбасының өзі 3 рет біз туралы айтып, арнайы тапсырмалар беруі мұның айқын дәлелі. Ерекше жастар осылайша есіп, дамып келеді. Алар асулар әлі алда. Алға, Серпіндікгерім!

Мөлдір ЖЕТКІЗГЕНОВА,
филология факультетінің студенті



Кітап

Әзіліңді сағындық

Телефон сылдырлады. Тұтқаны кетеріп әдеттепдей «Алло» дедім бейқам үнмен Сол-ақ екен ар жақтан гүжілдеген ашулы дауыс:

- Где ты ходишь, кобра? – дегені. Мұндай сезді күтпегендіктен сасқалақтап:

- Что-о-о? – деппін орышалап.

Аржақтағы адам: «Ой!» - деді де телефонды басып тастады. Қателесіп түссе керек. Сол аралықта Бөкең қасыма келіп:

- Не болды? Сұрың қашып, кезің бақырайып кетіпті ғой, - деді.

- Кайдан білейің, бір орыс «где ты ходишь, кобра» деп зіркілдеп берді ғой, - дедім, жұбайым жұбатып жылы сез айтады деп дәмеленіп.

- Астапыралла! Дауысыңнан қалай таныған демесі бар ма.

Шынымды айтсам сол жолы жылап жібердім. Алайда осы «кобраның» жабысқаны соншалық, неше түрлі нұсқада айтылып, маған талайға дейін бойтұмардай болып кетті.

- Жазудың қызығына түсіп кебірек отырып қойдым білем, бөлім кетертпей тұр, - деді Бөкең.

- Қазір бальзам жағып, жақсылап уқалап беремін, - дедім.

- Бальзам жаққанша бөліме түкіріп берсеңші, - дейді ол

- Түкіргені несі?

- Жылан уының ауруға ем екенін білмеуші ме едің? – дегені.

Бөкең Алматыда қалың орыстың ортасында туып-өсіп, орысша жазғаны ез сезімен айтсам «мемлекеттік құпия емес». Сонда да қаланың асфальтында ер жеткен теңтүстарына қарағанда қазақилығы көш ілгері еді. Әйтсе де, таза ұлттық тәрбие алып ауылда ескең қазақша оқыған маған қарағанда әдет-дағдылары белектеу болды. Сондықтан қазақтың салт-дәстүр, әдет-ғұрып, ырым-тыйымдарың жалпы, ұлттық құндылықтар жайлы ез білгенімді үйленген күннен бастап көрсетіп, айтып жүретінмін

Бір жолы асүйдегі үстел астының еденін жуып жатқанымда телефон шылдырлады. Абайламай басымды кетеріп қалғанда тәбемді үстелге оңбай соғып алдым. Оқыс қозғалыстан үстел шетінде тұрған кесе бері шыға келген басымға құлады. ішінде сүт бар екен, тебемнен құйылды да кетті. Үстелге соғылған әрі кесе құлаған, оның үстіне сүт сорғалаған басымда сипалап жатқанымда, қашан қасыма көлгенін қайдам, Бөкеңді кердім. Ол маған қарап қолымен есікті көрсетіп әлденені қайта-қайта ымдайды. Бет-аузымның сүтін сүртіп, әлектеніп, оның не айтпақшы болғаның, нені меңзеп тұрғанын ұқпай:

- Не? Не деп жатқаныңды түсінбедім. Айтатыныңды адам ұқсап сезбен ұқтырсаңшы! – дедім ыза болып.

- Әзің жыланның басына ақ құйса, үйден шығып кетеді деп едің ғой. Басыңа ақ құйылды, кетпей неғып тұрсың? – дейді шімірікпей.

Азық-түлік алатын кезде қажет нәрселердің тізімін жасайтын әдетім бар. Бір жолы базарға барардың алдында нан ашытып кетейің, келгенше дайын тұрсын деп қамыр илеп жатқанымда асүйге сусын ішуге Бөкең келе қалды.

- Баха, сенен бір кемек керек болып тұр, - дедім.

- Қасыңа жақындап кетсем-ақ жабыса кетеді екенсің, қандай кемек? – деп сұрады ол

- Кек базарға барайын деп едім, қағаз-қалам алып менің айтқандарымды жазып берсең болды. Өзім-ақ жазар едім, қолым қамыр, - дедім.

Менің дағдымды жақсы білетін әрі уақыт үнемдеп тұрғанымды түсініп қарсылықсыз қалам-қағаз әкеліп, «айта бер» дегендей ым қақты.

- Екі кило сәбіз, үш кило картоп, кішміш,- деп ары қарай сатып алатындарымның тізімін шұбыртып шықтым. Ештеңе ұмытпадым ба деп, жазғандарын бір рет қайта оқытып тексеріп алып, кемектескеніне рақметімді айттым. Ол болса балпиған қалпын бұзбастан тізім жасалған қағазды терт бүктеп үстел үстіне қойып шығып кетті. Қолымның қамырын жуып, мен де базарға женелдім.

Қағазыма қарап қойып керепмді шетінен алып, базар аралап жүрмін Қолым ауырлап жұпм кебейді. Қажетімнің бәрін алып болдым-ау дегенде тізімнің ең соңында тағы бір жазу қалыпты. Анықтап қарасам «тоқал – 1 шт.» деген сез екен. Базарда жүргенімді ұмытып дауысым шыға күліп жібердім.

Кіші нөмерем Мадиярдың тілі де, аяғы да ерте шығып, қимыл-қозғалысы кеп, аузы да тыным таппайтын қағилез бала болатын. Мені «ат», «паравоз», «машина» жасап, жотама жабысады да жүреді. Қанша ойнатсаң да жалықпай: «Әже, тағы! Әже, тағы!» - дей береді. Амал жоқ кенемін

Үлкен белмеде осылай терт аяқтап «ат» болып жүргенімде Бөкең есікті ашып қарады да, қайта жауып кетіп қалды. Едәуір уақыт өткенде тағы бір рет қарап кетті. Үшінші рет есік ашқанда бір нәрсе қажет болып, сұрай алмай тұр ма деп:

- Балпақ, неге қайта-қайта есіктен сығалап жүрсің? – дедім.

- «Бір бала бір кемпірді зорықтып әллреді» дегенді естіп едім, олай-бұлай болып кетсең қамсыз қалмайын деп қарап жүрмін. Әлі тірі екенсің, ары қарай ойнай беріңдер, - деп есікті жапты.

Ленин мен Комсомол кешелерінің қиылысындағы үйде тұрған кезіміз еді. Бақыт балконда темекі шөпп тұрған болатын Бір кезде:

- Сақып апа асыл тастарын сөрүенге алып шықты,- деді.

Ә дегенде сезіне түсінбей далаға қарасам, Гаухар, Меруерт, Маржан деген үйелмелі-сүйелмелі нөмере қыздарын жетектеп апа кетіп барады екен

Ержан әкелген «Арбат» деген сусабынмен бірнеше рет шашымды жусам да, жазуына мән бермеппін Сейтсем ол ер адамдарға арналған екен. Не деген аңғалдық, бақырайып тұрған жазуына қарамаппын Онымен қоймай: «Мынаумен басымды жуғанда неге айтпадыңдар?» - деп әкелі-балалы екеуіне тиістім. Сонда Бөкең:

- Әдейі айтпадым. Бірте-бірте еркекке айналып кетсең, қатын әперіп, енші беліп, белек шығарып құтылмақшы едім, - деді.

Әзілдер Зейнеп Ахметованың «Әзіліңді сағындық» кітабынан алынды.
Жинақтаған: Сандуғаш Байғұлқызы,
филология ғылымдарының магистрі

Сен маған өкпелеме, қоңыр күз!



Қоңыр күз,
Мен езіңмен сырласайын!
Суығыңа
суық боп мұңдасайын!
Сезімім бар,
Сендегі жапырақтай.
Сол сезімді тербетіп жыр бастайын

Сен маған өкпелеме, Қоңыр күз!
Жүрегім бар дәл езіңдей тамырсыз.
Мен сені теңеймін-ау сол жанға,
Осы күнді күткен едім тағатсыз.

Мен оны іздегелі қанша уақыт,
Қаншама рет жыладым мұңға батып.
Бір келіп, бір жоқ болған
бұл не сезім?!
Сыйлаған маған сол кез аздау бақыт.

Беленім кеп тағы да сол сезімге,
Оралғым кеп сол бақытты кезіме.
Талай бардым сені керген бақшаға,
Жоқ адамды іздейді екем несіне?

Артыма қарайлаймын үмітпенең
Қоңыр күзім оралар деп үміттенем,
Бірақта жапырақтай сарғайып,
Үзіліп жерге түсті үміт деген

Тал бойыма тұнып қалды сезімің,
Неге сол кез қалдым саған кезіпп.
Өкінемің ершігемін езіммен
іштеп сенің барлығыңды сезініп.

Уақыт емші бәріне деп келемің
Махаббатым суыды ма текке менің.
Мен езіңді әлі де іздей берем,
іздей берем,
сүйе алмай қалған сүйікім менің.

Отырмын сол бақшаның
орындығында,
Екеуімізге арналған еді бұрында.
Үзіліп кеткен үмітімді баптаған
Ризамын мең ризамын бұл бақшаға.

Бекерге уақытты еткізбеппіз,
Сезіміңе сенетінмін риясыз.
Ендіп жаным да сең бағым да сең
Сезіміме серік болған «Қоңыр күз»!

Амангүл ДОСМҰХАММЕДОВА,
қазақ тілі мен әдебиеті
мамандығының 1 курс студенті

Бір қолында – бесік, бір қолында қалам...

Жастық шақ, студенттік кез адам өмірінің ең бір маңызды бөлігі екендігі баршамызға мәлім. Біз осы кезде дүниеге бір кірпіш болып қаланамыз. Болашақ кәсіби маман болу үшін білім алып, сонымен бірге отбасын құрып, болашақ ұрпақты өмірге әкелу, тәрбиелеу міндеті де алдымызда тұрғанын жақсы білеміз.

Ал арамызда ерте тұрмысқа шыққан қыздар да бар. Олар бір қолымен бесікті тербетіп, бір қолымен дәріс жазып жүр. Университетте оқытушылардың, ал үйде ата-ененің, күйеуі мен баласының бабын табуға тырысады. Студенттік өмірі мен отбасылық өмірі қатар өтіп жатқан олар не ұтты, неден ұтылды? Филология факультетінің 2 курс студенті Үзілхан Ергалиева бізге осы турасында әңгімелеп берді.

- Ерте тұрмыс құруыңызға не себеп болды?

- Менің сөз байласып жүрген жігітім болатын. Бір-бірімізді шын сүйдік. Бірақ менің ата-анам бұл жайында білмейтін. Оқу бітіресің, үйдегілер мені Астанаға оқуға түсіреміз деп шешті. Жігітім мені жібергісі келмейтінін айтып, алып

қашты. Бәрі келісім бойынша болды, өйткені өзімнің де жыраққа кеткім келген жоқ. Қазір бақыттымын, бір қызымыз бар.

- Отбасылық өміріңіз білім алуыңызға кедергі келтірмейді ме?

- Жоқ, аса кедергі келтірмейді. Таңертең оқуға барамын. Келгесін баламның қасында боламын. Сабағымды қызым ұйықтап жатқанда оқып алуға тырысамын. Мен үшін отбасы мен оқуды қатар алып жүру қиын емес. Қазір үйреніп те кеттім. Үй шаруасына енем көмектесіп тұрады. Тек кейде тапсырмалар көп берілсе, қиналып қалатыным бар. Себебі, кітапханадан материалдар алып, іздену керек. Ал менің оған көп уақытым жоқ. Қызым әлі кішкентай болғандықтан, сабақ аяқталғасын бірден үйге қарай асығамын.

- Келіндік міндетіңізді қаншалықты жақсы атқарып жүрсіз?

- Бұл сұрақтың жауабын енем біледі (күлді). Шынымды айтсам, мен ес білгелі үй шаруасына араласқан емеспін. Көбіне әкемнің қасында далада жүретінмін. Тұрмысқа шыққан соң бәрін үйренуге тура келді. Ас әзірлеуді де білмейтінмін, бұл тұста енем мені қолдап, бар білгенімен бөлісті. Ол кісіге алғысым шексіз.

- Жолдасыңыз оқуыңызға қарсы емес пе? Не дегенмен үлкен оқу орнында оқисыз, түрлі адамдармен араласасыз...

- Жолдасымның оқуыма еш қарсылығы жоқ. Керісінше, білім алуыма бар жағдайды жасап берді. Отбасын құрар алдында, бұл мәселе жөнінде ақылдасқан болатынбыз. Үйден бірге шығамыз: ол жұмысқа, мен университетке кетемін. Әрине, барлық ер адамдарда қызғаныш сезімі болады. Мен күйеуімді бәрінен хабардар етіп отыратындықтан, ол орынсыз қызғанышқа жол бермейді. Жолдасым маған толықтай сенеді.

- Оқытушылар тарапынан қандай да бір жеңілдік көрсетіледі ме немесе сізді өзге студенттерден бөлектейді ме?

- Жоқ, бөлектемейді. Оқытушылардың көмектесіп тұратыны рас. Олар да – ана, отбасылы адамдар. Сондықтан болар, маған түсіністікпен қарайды. Дегенмен, оқуымды өз күшіммен аяқтасам деген ниетім бар, сол үшін барымды саламын.

P.S: "13-те отау иесі" дейді халқымыз. Бүгінгі таңда ерте отбасын құратындар да, мансап деп жүріп кеш тұрмысқа шығатындар да бар. Иә, қыз мұраты кету екені белгілі. Алайда әр нәрсенің өз уақытында болааны дұрыс-ау. Біздің кейіпкеріміз "өгізді де өлтірмей, арбаны да сындырмай", өбін тауып отыр. Бірақ бұл бәрінің қолынан келе бермейтінін мойындау керек. Әр адамның тағдыры өртүрлі. Тек кейде оқудан қалып, үлгері алмай жүрген қыздарды көргенде, "өкі кемеңнің басын ұстаған, суға кетпе ме" деген ойға қаласың. Ар жағын өзіңіз пайымдаңыз, құрметті оқырман.

Ақтоты САҒЫНҒАЗЫ, Ұлмекен УТЕПОВА, филология факультетінің 2 курс студенттері



Студенттік қызық мол жылдар

Екі студент сессия алдында:

- Не оқып отырсың?
- Квант механикасын.
- Кітапты неге төңкеріп ұстап отырсың?
- Бәрібір ғой.

"Бұл жолы көтермелеп қойып жатырмын. Келесі де оқымасаң, шын бағанды қоямын" дейтін ұстаздарымыз аман болсын!

Ворд, пайнт және гугл хромды жақсы қолдана білетіндіктен мені группада «программист» деп атайды.

Студенттер асханасы:

- Апа! Бір порция манты беріңізші.
- О, жаңалық қой! Шәкіртақы алдың ба?
- Жоқ! Және бес қасық беріңіз!

ВК беттеріндегі студенттердің әңгімесі:

- Сәлем
- Кімсің?
- Танысайықшы
- Танымайтын адаммен таныспаймын
- Танытын адамдарыңмен танысып жүре бер онда.

Студент ата-анасынан

- Білмеймін неге екенің, баламыздан көптен бері хабар болмай кетті.

- Демек ақшасы жеткілікті болғаны ғой.

Кеше екі сағат бойына жарық сөніп қалды. Интернет өшіп, әбден әбігерлендік. Содан жатақханадағы адамдармен сөйлесіп, әңгімелесуге тура келді. Сөйтсем өздері жап-жақсы кісілер екен!))

Ас үйге анамның жанына барып, қатты құшақтап, бетінен сүйдім. Енді отырып, әңгіме айтайын деп жатсам, "Не болды, балам? Мегабайтың бітіп қалды ма?"- дейді. Ана жүрегі деген, шіркін, бәрін сезіп қояды ғой!

- Студент Алпысбаев, сіз неге мені тыңдамай отырсыз? - дейді профессор:

- Мен сізді тыңдап отырмын профессор, - дейді студент.

- Олай болса менің соңғы айтқандарымды қайталаңыз.

- Студент Алпысбаев, сіз неге мені тыңдамай отырсыз.

Физика пәні бойынша "5" бағасының сұрағы:

- Кернеуді немен өлшейміз?

Физика пәні бойынша "4" бағасының сұрағы:

- Кернеу өлшенеді:

а) Вольтметр

ә) Амперметр

Физика пәні бойынша "3" бағасының сұрағы:

- Кернеу вольтметрмен өлшенеді ме?



СТУДЕНТТЕР КҮНІ НЕГЕ 17 ҚАРАШАДА ТОЙЛАНАДЫ?

Құрметті студенттер қауымы, халықаралық студенттер күні құтты болсын! 17 қараша ресми түрде студенттер күні деп аталғанымен, курстың әрі күні – сендердің күндерің. Солай емес пе?! Осындай атаулы күннің тарихын біліп өтсек артықтық етпес. Неге дәл осы күн студенттер күні деп бекітілді?

Халықаралық студенттер күні (International Students' Day) 1946 жылдың 17 қарашасынан бері тойланады. Халықаралық студенттер конгресі күнтізбеде дәл осы күнді атаулы мереке ретінде белгіледі. Конгресс Прага қаласында өтті.

Студенттер күнінің өзіндік тарихы да жоқ емес. Бұл көңілді жастық шақ пен романтиканың күні болғанымен, тарихында көңілсіз жәйттер жатыр. Екінші дүниежүзілік соғыс кезімен байланысты бұл оқиға былай өрбіген болатын. 1939 жылдың 28 қазанында фашистердің басқыншылығында қалған Чехословакия елінің студенттері мен оқытушылары Чехословакия мемлекетінің құрылғанына бір жыл толуына орай (28 қазан 1918 жыл) шеруге шықты. Шеру кезінде басқыншылар студенттерге қарсы шығып, медицина факультетінің Ян Оплетал (Jan Orpeltal) есімді студентіне оқ атылды. Мерт болған студенттің жерлеуі 15 қараша күні өтті. Бұл кезде де шулаған студенттер тыншыған жоқ. Осы шеру кезінде он шақты студент ұсталып, қамалды. 17 қараша күні гестапошылар таңертең студенттер жатақханасын қоршап алды. Осының нәтижесінде 1200-ден аса студент қолға сіңіп, біразы Заксенхаузендегі концлагерьге айдалды. Он шақты белсенді студентті ешқандай соттың шешімінсіз-ақ Рузина ауданындағы түрмеде көзін жойды. Гитлердің өмірімен чехтардың барлық жоғарғы оқу орындары соғыстың соңына дейін жабылып қалды. Осы оқиғаға байланысты 17 қараша күнін Халықаралық студенттер конгресі белсенділері студенттердің атаулы күні деп белгіледі.

Бүгіндері бұл күн әлемнің көптеген елдерінде тойланады. Жастардың мерекесі болғандықтан, бұл күн студенттер қауымына өте танымал.

Ендеше, студенттер, мереке құтты болсын! Әр күндеріңіз білім мен жарқын естеліктерге толы болсын!

Дайындаған Ақерке ӘБІЛХАН (интернеттен алынды)



Қазақстан Республикасының Мәдениет және Ақпарат Министрлігі Ақпарат және Мұрағат комитеті Мерзімді баспасөз баслымдарын және ақпарат агенттіктерін есепке алу туралы 2014 жылғы 12 ақпанда тіркеліп №14155-Г күәлігі берілген

Бас редактор Кужахметова Д.Т.
Тілші Арен Ж.С.
Маман Жалғасбаева М.Ж.
Корректоры Адилханова С.Ж.

Меншік иесі:
К.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

Газет ЖШС «Хабар Сервис» баспаханасында (Ақтөбе қаласы, Смағұлов кешесі, 9 «К» басылады.
Тел: 8(7132)545-545. 400-400.

Тапсырыс №151 Тарауымы 3000

Біздің мекен-жайымыз:
030000, Ақтөбе қаласы, Ә. Молдағұлова кешесі 34 үй. 2-қабат, 200 ° белме. Келемі 2 баспа табақ.
Газет айына 2 рет шығады.

Газет редакциясына келіп түскен қолжазбалар мен фотосуреттер қайтарыпмайды.